

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 4 мамырдағы N 1569 Жарлығы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Шетелде кадрлар даярлау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендияларын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 қарашадағы N 1394 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 43, 515-құжат; 1995 ж., N 4, 45-құжат; 2000 ж., N 43, 503-құжат):

4-тармақта "ұйымдық-техникалық" деген сөздер алып тасталсын;

2) " < * >

Ескерту. 2) тармақшаның күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

3) "Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясына үміткерлерді іріктеу және оны тағайындау туралы ереже мен Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы N 470 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2000 ж., N 43, 503-құжат; 2004 ж., N 22, 276-құжат):

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 1 . Қ о с а б е р і л г е н :

1) Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы ереже;
2) Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның құрамы бекітілсін.";

Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның құрамы осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

1-1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1-1. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясына тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу ережелерін бекітсін.";

мынадай мазмұндағы 1-2-тармақпен толықтырылсын:

"1-2. Қазақстан Республикасы орталық және жергілікті атқарушы органдарының

басшылары жыл сайын 1 қыркүйектен кешіктірмей Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияға Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша мамандар даярлауға өтінім беріп тұрсын.";

аталған Жарлықпен бекітілген Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы ережеде:

3-тармақтың үшінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Республикалық комиссия төрағасының орынбасары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі, хатшысы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі болып табылады.";

4-тармақтың жетінші абзацы алып тасталсын;

5-тармақтағы "сондай-ақ жұмыс органының ұсынуы бойынша стипендиаттарды іріктеудің бірінші туры өткізу жөніндегі сараптау комиссиясының ережесі мен құрамын бекітеді" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Республикалық комиссияның төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын төрағаның орынбасары жүзеге асырады.";

7-тармақтағы "төрағасы" деген сөздер "төрағасы, төрағаның орынбасары, хатшы" деген сөздермен ауыстырылсын;

10 - тармақта:

үшінші және төртінші абзацтар алып тасталсын;

он бірінші абзацтағы "келісім-шарттар" деген сөздер "шарттар" деген сөзбен ауыстырылсын;

он төртінші абзацтағы "(үміткерлерді іріктеу және оны тағайындау туралы ереженің 2-тармағына" деген сөздер "тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу ережесіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

он бесінші абзац "қажетсінетін" деген сөзден кейін "жыл сайынғы" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Болашақ" стипендиясына үміткерлерді іріктеудің жыл сайынғы жоспарын Республикалық комиссияның қарауына енгізеді".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2005

жылғы

4

мамырдағы

№

1569

Жарлығына

ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2000 жылғы 12 қазандағы
N 470 қаулысына

ҚОСЫМША

Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі
республикалық комиссияның
Қ Ұ Р А М Ы
(лауазымдар бойынша)

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік хатшысы - төраға

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрі - төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым вице-министрі - хатшы

Комиссия мүшелері:

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрі

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрі

Қазақстан Республикасы Әділет министрі

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы

Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму

комитетінің төрағасы

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Әлеуметтік-мәдени даму

комитетінің төрағасы

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Кадр саясаты бөлімінің
меңгерушісі

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Әлеуметтік-саяси бөлімінің
меңгерушісі

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Әлеуметтік-мәдени даму
бөлімінің меңгерушісі